

Шектеу іс – шараларын тоқтату және Күршім ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 1 "Күршім ауданының Күршім ауылдық округіне қарасты Топтерек ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 ақпанда № 6719 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Күршім аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 ұсынысы негізінде, Күршім ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Күршім ауданының Күршім ауылдық округіне қарасты Топтерек ауылындағы ірі қара мүйізді малына сарып ауыруынан Республикалық бюджеті есебінен жүргізілген сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық нәтиже көрсетуіне байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Күршім ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 1 "Күршім ауданының Күршім ауылдық округіне қарасты Топтерек ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2019 жылғы 2 мамырында № 5899 болып тіркелінген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 06 мамыр 2019 жылы жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Күршім ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім ауылдық округінің әкімі

С. Дүзбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК